



Астана қаласы Білім басқармасы
Әдістемелік орталық



ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 ж. №72 бұйрығы

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІ» РММ
04.-4.2024 жылғы 20-12-17/2291-И хаты

Аталған бұйрық 2 қосымшада әзірленді:

1-қосымша – ағымдағы жылы аттестаттау рәсімінен өтетін педагогтерге (I, II және жоғары біліктілік санаттары бар педагогтер де) қатысты

2-қосымша – педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының Ұлттық платформасы іске қосылғаннан кейін аттестаттау рәсімінен өтетін педагогтерге қатысты

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІ» РММ
04.-4.2024 ЖЫЛҒЫ 20-12-17/2291-И ХАТЫ

Педагогтің білімін бағалаудан (бұдан әрі - ПББ) өту кезінде тыйым салынған зат немесе ереже бұзушылық анықталғанда **5 (бес) жылға шеттетілген педагогтерге 1 жыл толған жағдайда** тыйым салынған актінің күші автоматты түрде жойылатынын хабарлаймыз. Соның негізінде аттестаттау рәсімінен **5 (бес) жылға шеттетілген педагогтердің тізімі нақтыланып, биыл ПББ тапсыруға рұқсат берілуі тиіс**

Педагогтердің **2023 жылы** тестілеуден өткені туралы сертификаттары ағымдағы жылы аттестаттаудан өткен кезде жарамды болып табылады

ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 ж. №72 бұйрығы

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі



4. Аттестаттауға жіберу үшін білім беру ұйымы педагогтердің, әдіскерлердің, білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшылардың, басшы орынбасарларының біліктілік бағалауын портфолионы қарау арқылы жүргізеді.

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

9. ПББ:

педагогтер кезекті аттестаттауда жылына 1 (бір) рет – тегін, 1 (бір) рет – білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде;

мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер педагогтер жылына 1 (бір) рет – тегін;

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар өтілі жоқ тұлғалар, сондай-ақ педагогикалық қызметті қайта бастауға тілек білдірген тұлғалар –

1 (бір) рет – тегін, кейінгілері – білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде өтеді.

Сынамалық тестілеу (педагогтің қалауы бойынша) – ақылы негізде жыл бойы өтеді. Сынамалық тестілеудің нәтижелері ПББ-дан өту үшін негіз болып табылмайды.

• • • • •
• • • • •

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

1) мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектеп алды сыныптары педагогтері үшін:

«Мектепке дейінгі педагогика және психология» - жиырма тапсырма;

«Бейіні бойынша тәрбие мен оқыту әдістемесі» - отыз тапсырма;

2) бастауыш білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» - жиырма тапсырма;

3) негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

«Пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» - жиырма тапсырма;

4) қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

«Педагогика негіздері» - отыз тапсырма;

«Психология негіздері» - жиырма тапсырма;

5) арнайы ұйымдардың, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-ассистенттері, әлеуметтік педагогтері, кәсіби бағдар берушілері, тәлімгерлері үшін:

«Педагогика негіздері» - отыз тапсырма;

«Психология негіздері» - жиырма тапсырма;

6) арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

«Бейіні бойынша пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Арнайы педагогика және психология» - жиырма тапсырма;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (оқу-өндірістік комбинаттары) үшін:

жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, әдіскерлер, өндірістік оқыту шеберлері үшін:

«Пәндік білім» - отыз тапсырма;

«Оқыту әдістемесі» - жиырма тапсырма;

басқа лауазымдардың педагогтері үшін:

«Педагогика негіздері» - отыз тапсырма;

«Психология негіздері» - жиырма тапсырма;

8) білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін:

«Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу» бағыты бойынша - алпыс тест тапсырмасы;

9) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

«Оқыту әдістемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін білу» - елу тапсырма.

7. ПББ нәтижесі шекті деңгейге жеткен кезде оң деп саналады:

1) барлық лауазымдағы педагогтер үшін:

«педагог» біліктілік санаты - 50%;

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 60%;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 70%;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 80%;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 90%.

2) білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшысының орынбасарлары үшін - 70%;

3) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

«педагог» біліктілік санаты - 50 %;

«педагог-модератор» біліктілік санаты - 60 %;

«педагог-сарапшы» біліктілік санаты - 70 %;

«педагог-зерттеуші» біліктілік санаты - 80 %;

«педагог-шебер» біліктілік санаты - 90 %.

17. ПББ нәтижесімен келіспеген жағдайда педагог ПББ өткізу залынан шықпай-ақ, әрбір тапсырма бойынша дәлелді (толық түсіндірмесі, тапсырмалардың қадамдық шешімі және т.б.) негіздемесімен компьютерлік тестілеу жүйесі арқылы **апелляцияға** өтініш беруге құқылы. **ПББ өткізу залынан шыққаннан кейін** апелляцияға педагогтің **өтініші қабылданбайды.**

Барлық тапсырмаларды дәлелді **негіздемесіз** (толық түсіндірме, тапсырмаларды кезең-кезеңімен шешу және т.б.) қайта қарау бойынша апелляцияға берілген өтініштер әрбір тапсырма бойынша **қарауға жатпайды.**

ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 ж. №72 бұйрығы

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

22. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляцияны ескере отырып ПББ өткендігі туралы сертификат компьютерлік тестілеу жүйесіндегі педагогтің «жеке кабинетіне» жіберіледі. Педагогтердің ПББ нәтижесі ПББ тапсырған күннен бастап бір жылға жарамды болып саналады.

23. ПББ-дан өткен педагогтердің электрондық дерекқорын сақтау бес жыл ішінде қамтамасыз етіледі.

24. ПББ өту кезінде педагогтер тапсыру тілін (қазақ, орыс), күнін, уақытын, тестілеу орнын таңдайды. Тестілеуден бір күн бұрын педагогке тестілеу күні, уақыты, орны туралы хабарлама жіберіледі.

25. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына тиісті деңгейдегі Комиссия өтініш негізінде жұмысқа қабылданған кезде педагогтерге білім беру ұйымының өтініші негізінде аттестаттау рәсімінен өткізбей:

- жұмысқа орналасу кезінде **бейін бойынша өндірісте соңғы 5 (бес) жылдан кем емес** жұмыс өтілі болса – **«педагог-модератор»**;
- жұмысқа орналасу кезінде мамандығы бойынша соңғы **10 (он) жылдан** астам жұмыс өтілі болса, **«педагог-сарапшы»** біліктілік санаттарын береді.

Біліктілік санатын беру жөніндегі комиссияның отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Келесі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 ж. №72 бұйрығы

26. Комиссия өтініш негізінде лауазымға тағайындау кезінде аттестаттау рәсімінен өтпей:

Президенттің кадр резервіне кірген тұлғаларға, жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін бес жылдан кеш емес кезеңде **Nazarbayev University, «Болашақ»** бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған шетелдік жоғары **және** жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне, қолданыстағы **CELTA** сертификаты (сертификейт ин инглиш лэнгуиж тичинг ту адалтс. Кембридж Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) пас энд эбав Pass and above) бар **шет тілі мұғалімдеріне «педагог-модератор»** біліктілік санатын береді.

қолданыстағы **DELTA** сертификаты (диплом ин инглш лэнгуидж тичинг ту адалтс Diploma in English Language Teaching to Adults) пас энд эбав Pass and above) бар шет тілі мұғалімдеріне **«педагог-сарапшы»** біліктілік санатын береді. Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жалпы негіздерде жүргізіледі.

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

27. Аттестаттаушы органның комиссиясы шетел (ағылшын, неміс, француз) тілі мұғаліміне өтініш пен тілді меңгеру деңгейі бойынша сертификат негізінде, ПББ рәсімінен өтпей, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау қорытындысы бойынша біліктілік санатын береді:

3) «педагог-зерттеуші»:

ағылшын тілі: айелтс (**IELTS**) – 7 балл немесе тойфл (**TOEFL**) (Интернет бейсд тест (Ай Би Ти) internet Based Test (iBT)) – 94-101 балл, тикити **ТКТ** (тичинг ноулидж тест Teaching Knowledge Test) модульсі Modules 1-3 (3 модульдің бірі) бэнд Band 3-4/4 (нәтиже 4 баллдан 3-4); тикити клил **ТКТ CLIL** (контент энд лэнгуидж лернин Content and Language Integrated Learning); тикити йан лернерс **ТКТ YL** (йан лернерс Young Learners).

француз тілі: Дельф (DELF) – C1;

неміс тілі: Гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – C1;

4) «педагог-шебер»:

ағылшын тілі: Айелтс (**IELTS**) – 7,5 балл немесе тойфл (**TOEFL**) (Интернет бейсд тест (Ай Би Ти) internet Based Test (iBT)) – 102-109 балл; тикити **ТКТ** (тичинг ноулидж тест Teaching Knowledge Test) модульсі Modules 1-3 (3 модульдің бірі) бэнд Band 3-4/4 (нәтиже 4 баллдан 3-4); тикити клил **ТКТ CLIL** (контент энд лэнгуидж лернин Content and Language Integrated Learning); тикити йан лернерс **ТКТ YL** (йан лернерс Young Learners);

француз тілі: Дельф (DELF) – C1;

неміс тілі: Гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – C1.

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

28. Шетел (**қытай, түрік, араб және т.б.**) тілдерін оқытатын мұғалімдерге жеке өтініш пен бірінші тіл ретінде сөйлейтін елдерде ресми танылған қолданыстағы сертификат негізінде, ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау нәтижесі бойынша Комиссия:

B2 деңгейі - «педагог-модератор»;

C1 немесе C2 деңгейі - «педагог-сарапшы» біліктілік санатын береді.

30. Білім беру саласындағы өзгерістердің көшбасшыларын іріктеу және даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және **кадр резервіне енгізілген педагогтерге лауазымға тағайындалған кезде** аттестаттау рәсімінен өтпей **«бірінші санатты басшы»** біліктілік санаты беріледі.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

1-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызметінің тәртібі

32. Білім беру саласындағы уәкілетті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында, білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін ағымдағы оқу жылының

1 қыркүйегіне дейін **бірінші басшының бұйрығымен** мынадай біліктілік санаттары үшін комиссиялар құрылады:

1) білім беру ұйымдарында: «педагог-тағылымдамашы», «педагог», «педагог-модератор»;

2) білім басқармасында: «педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»; «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін, «бірінші санаттағы басшының орынбасары», «бірінші санаттағы басшы»;

3) білім беру саласындағы уәкілетті органның жанынан:
«педагог-шебер»

1-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызметінің тәртібі

33. Педагогтерді аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына кемінде **10 (он) жыл жұмыс өтілі бар** және **«педагог-сарапшы»** немесе **«педагог-зерттеуші»** немесе **«педагог-шебер»** біліктілік санаттары бар педагогтер; әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдардың әдіскерлері, қоғамдық және үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, білім беруді басқару органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары кіреді.

34. Комиссияның өкілеттігі қолданыста болған кезеңде **аттестаттауға жататын педагогтер Комиссия құрамына кірмейді.**

35. Комиссияның өкілеттік мерзімі Комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық шығарылған күннен бастап **бір жылды құрайды.**

36. Комиссия мүшелері тақ саннан (жетіден кем емес) тұрады. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады. Комиссия хатшысы Комиссия отырысына қажетті материалдар мен құжаттарды дайындайды, хаттаманы рәсімдейді және қол қояды. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды.

1-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызметінің тәртібі

38. Комиссия педагогтердің (ұйымның, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысынан (басшының орынбасарынан) басқа) аттестаттау нәтижелері бойынша келесі тұжырымдармен қорытынды шешім қабылдайды:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 3) қолданыстағы біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді.

39. Комиссия шешімі осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес хаттамамен рәсімделеді. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамадан үзінді көшірме педагогтің электрондық поштасына жіберіледі.

Аттестаттаудан өткен педагогтердің тізімі аттестаттаушы органның интернет-ресурсында жарияланады.

2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

40. Аттестаттау үшін құжаттарды беру осы Қағидаларға **8-қосымшаға** сәйкес **Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне** (бұдан әрі - Негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес жүзеге асырылады.

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі	<ol style="list-style-type: none">1) өтініш;2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);3) білім туралы диплом;4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса);5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат;6) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат;7) ПББ өткендігі туралы сертификат;8) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін);9) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар;10) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар.11) Эссе (250–300 сөз)
---	--	--

2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Аттестаттаудан өту үшін педагог осы Қағидаларға **9-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Педагогті, бөлім басшысын (меңгерушісін), әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерін аттестаттау рәсіміне қатысуға өтініш

_____ (Т.А.Ә. (бар болса)

ЖСН _____

Лауазымы, жұмыс орны, электрондық пошта

_____ 20__ жылы

_____ лауазымы (мамандығы)

атқаратын лауазымына сәйкестігіне/сәйкессіздігіне, біліктілік санатты беру/ растау аттестаттау рәсіміне қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта менің _____ (күні) _____ (айы) _____ жылға дейін жарамды _____ біліктілік санатым бар.

Білім беру ұйымының атауы _____

Біліктілік санатын беру (растау) тәртібімен таныстым.

«_____» _____ 20__ жыл

_____ (қолы)

Қағиданың **10-қосымшасына** сәйкес нысан бойынша аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама

_____ қызмет алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш қабылданды.

Осы хабарлама «_____»

_____ 20__ жылы жіберілді.

Қағидаларға **11-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электронды құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан барту туралы хабарлама

_____ қызмет алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш

_____ атап айтқанда /жоқ немесе сәйкес келмейтін

құжаттардың атауын көрсету/:

1) _____;

2) _____;

3) _____ байланысты

қабылданбады.

Осы хабарлама «_____» _____ 20__ жылы жіберілді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 ж. №72 бұйрығы

2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш пен құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі

_____ қызмет алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің құжаттарын қабылдау туралы қолхат

_____ (көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)

_____ (мекенжайы)

(көрсетілетін қызмет алушының Т. А. Ә (бар болған жағдайда) көрсету)

_____ (білім беру ұйымының атауы)

Педагогтерді аттестаттауға қатысу үшін қабылданған құжаттардың тізбесі:

1) _____

2) _____

3) _____

«___» _____ 20__жыл

Алды: _____

/ қызмет алушының Т. А. Ә, (бар болса)

«___» _____ 20__жыл _____ /қолы/

Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі

_____ қызмет алушының Т.А.Ә. (бар болса)

Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің құжаттарын қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

_____ (көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)

_____ (мекенжайы)

аттестаттауға қатысу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) көрсету)

_____ (білім беру ұйымының атауы)

құжаттардың болмауына / сәйкес келмеуіне байланысты, атап айтқанда:

1) _____;

2) _____;

3) _____.

«___» _____ 20__ж.

Алды: _____

/ Көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

«___» _____ 20__ж. _____ /қолы/

45. Педагог қызметінің және жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау жүргізіледі.

Материалдарды (портфолионы) дайындау кезінде **академиялық адалдық** қағидаты сақталады.

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

46. Педагогтер қызметінің нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу үшін әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша жеке **Сараптамалық кеңес** құрылады. Сараптамалық кеңестің құрамына сараптамалық кеңестің төрағасы мен мүшелері кіреді. Сараптамалық кеңес мүшелерінің саны **тақ саннан, кемінде жеті адамнан** тұрады. Төраға Сараптамалық кеңес мүшелерінің арасынан сайланады.

47. Сараптамалық кеңестің құрамы бекітіледі:
«педагог-модератор» біліктілік санатына – білім беру ұйымы деңгейінде ұйымдастырылатын, кемінде **10 (он) жыл** жұмыс өтілі бар әдіскерлерден, педагогтерден, **«педагог-сарапшы»**, **«педагог-зерттеуші»** немесе **«педагог-шебер»** біліктілік санаттары бар педагогтерден құралады.

48. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау үшін ұсынылған материалдарды (портфолиоларды) Комиссия **жылына бір рет** Сараптамалық кеңеске қарау үшін жібереді.

Педагогтің біліктілік санатын беруге (растауға) арналған материалдары (портфолиосы) осы Қағидаларға **14-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша **қабылдау-тапсыру актісі** негізінде Сараптамалық кеңеске беріледі.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 ж. №72 бұйрығы

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

49. Сараптамалық кеңес осы Қағидаларға **15-қосымшаға** сәйкес педагог материалдарын (портфолиосын) бағалау парағы бойынша **портфолионы бағалайды**.

Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты				Комиссия балдары
		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
1	Білім беру сапасын қамтамасыз ету					
1.1	Білім сапасы (динамика)/Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы (тәлімгерлерді ұйымдастырушы педагогтерді, АЭТД -ұйымдастырушы педагогтерді, педагог-психологтарды, психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-ассистенттер ді қоспағанда)	тұрақсыз динамика 3 жыл бойы	3 жыл бойы бір деңгейде	1-2% өсу	3 және одан да көп % өсу	
	Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы(ПМПК қоспағанда)	40 %	50 %	60 %	70 %	
	балл	1	2	3	4	
1.2	Оқыту сапасы(ұйымдастыру, өткізу)	сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті) бағалау парақтарының болуы (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, педагог; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері бағалаған); тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының (сараптама кеңесінің) мүшесі - соңғы оқу жылында (кемінде бір рет)(бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)				
	Бақылаулар саны (жыл сайын)	5	5	5	5	
	балл	61	71	81	91 (102)	

2	Жетістіктер	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері (білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
2.1	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуыЕскерту1: тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АӘТД -ұйымдастырушы педагогтер, педагог- психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер үшін,білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін - бар болсаЕскерту2: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс(республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)
	балл	1	2	3	4 (5)
2.2	Уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуЕскерту 1: немесе қолданыстағы сертификаты бар біліктілікті арттыру курстарының жаттықтырушысы болып табылады – «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаттары үшін.Ескерту 2: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс(республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)
	балл	1	2	3	4 (5)
3	Тәжірибені жинақтау және тарату				
3.1	Авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату ұсынылған	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шара материалдарына сілтеме			
	Облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен			облыс(республикалық маңызы бар қала және астана)(кем дегенде3 аудан (қаланы) қамту	
	республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен				республикалық(кем дегенде3 облысты) қамту
	Балл	-	-	6(1 үшін 2 ұпай)	9(1 үшін 3 ұпай)
3.2	Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т. б.	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) (тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шара материалдарына сілтеме			
	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс(республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)	
Балл	1	2	3	4 (5)	
3.3	Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланымЕскертпе: бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылады	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)			
	Балл	-	-	5	6

3.4	Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.5	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді			
		білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен	ауданның/қаланың білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесімен	білім басқармасының жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен	білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен
	Балл	1	2	3	4
4	Біліктілікті арттыру				
4.1	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары(жалпы сағат саны)	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі (білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
		72	72	80	108 және одан жоғары
	Мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін(жалпы сағат саны)	36	36	72	80 және одан да жоғары
	Балл	1	1	3	4
	барлығы	68	84	113	134 (148)
4.2	тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АЭТД -ұйымдастырушы педагогтер, педагог- психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер,білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері-бар болса	67	82	110	130 (144)
4.3	ПМПК педагогтері үшін	66	80	107	126
4.4	сынып жетекшілер мен кураторлар үшін	дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылармен тәрбие жұмысының мониторингі, салыстырмалы кестелер / диагностикалық құралдарға сәйкес (білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен расталады)			
		3 жыл ішінде	3-8 жыл ішінде	9-15 жыл ішінде	16 жылдан астам
	Ұсыныстар:Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді)Біліктілік санатына сәйкес келеді _____				

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

Портфолионы бағалау парағына түсініктеме

Біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттау кезінде педагог материалдары мәлімделген біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкес тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді көрсетуі тиіс.

1. «Білім беру сапасын қамтамасыз етудің тиімділігі» өлшемшарттары бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- білім сапасының динамикасы, соңғы 3 жылдағы білім беру бағдарламасын игеру;
- білім беру ұйымы басшысының (орынбасарының, әдіскерінің), педагогтің; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінің соңғы оқу жылындағы сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру рәсімін) бағалау парақтарының болуы: (байқау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен расталады) «педагог-модератор» - 5, «педагог-сарапшы» - 5, «педагог-зерттеуші» - 5, «педагог-шебер» - 5;
- «оқыту (өткізу, ұйымдастыру) сапасы» көрсеткіші бойынша орташа арифметикалық мән (кемінде бес бақылау парағы) қойылады.

2. «Жетістіктер» өлшемшарттары бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- конкурстық іс-шаралар білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісіледі;
- көрсеткіштің әрбір бірдей атауы (жұмыс түрі) бойынша ұсынудың ең жоғары деңгейі ескеріледі: мысалы, кезеңдер бойынша олимпиадаға қатысқан жағдайда қатысудың ең жоғары бір деңгейі ескерілетін болады;
- әртүрлі атаулар (жұмыс түрлері) бойынша балдар жинақталады: мысалы, республикалық деңгейде 2 түрлі жоба ұсынылған жағдайда әрбір жоба үшін балл ескерілетін болады;
- әр көрсеткіште кемінде бір жеңімпаз сертификаты болған жағдайда 1 балл қосылады (бірақ жеңімпаздар саны бойынша емес: мысалы, республикалық деңгейде 2 жеңімпаз болған жағдайда бұл деңгейде тек 1 балл қосылады)

3. «Тәжірибені жалпылау және тарату» өлшемшарттары бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- тәжірибені тарату жөніндегі іс-шаралар республикалық оқу-әдістемелік кеңес, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңесі («педагог-шебер») немесе облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестік бекіткен материалдар негізінде жүргізіледі;
- көрсеткіштің әрбір бірдей атауы (жұмыс түрі) бойынша ұсынудың ең жоғары деңгейі ескеріледі: мысалы, семинарда сөз сөйлеген жағдайда қатысудың ең жоғары деңгейі ескеріледі немесе сол материал жарияланған жағдайда жарияланымның ең жоғары деңгейі ескеріледі;
- әр түрлі атаулар (жұмыс түрлері) бойынша балдар жинақталады: мысалы, 2 түрлі топқа қатысқан жағдайда бір деңгейде әр жоба үшін балл ескеріледі; - «оқу-әдістемелік материалдар» көрсеткіші бойынша (авторлық бағдарламадан басқа) бірлескен авторлық жағдайда (3 автордан аспайтын) республикалық оқу-әдістемелік кеңес, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған материалдар үшін 2 балл қойылады 1 балл - Облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестік, бұл ретте әртүрлі деңгейлерде ұсынылған бір жұмыс үшін балдар қосылмайды;
- «зерттеу қызметі (практиканы зерттеу) негізінде жариялау» көрсеткіші бойынша бірлескен авторлық жағдайда 2 балл қойылады, бұл ретте әртүрлі басылымдарда және әртүрлі деңгейлерде жарияланған бір жұмыс үшін балл қосылмайды;
- «біліктілікті арттыру» көрсеткіші бойынша біліктілікті арттыру курстары шеңберінде сағат санына сәйкес балл қойылады, бұл ретте, егер педагог екі және одан да көп курстарға қатысқан жағдайда сағат саны жинақталады.

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

50. Сараптамалық кеңес тиісті деңгейдегі Комиссияға осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 шілдесіне дейін) біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын бағалау парақтарын және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау қорытындылары бойынша ұсынымдарды жібереді.

51. Комиссия тиісті жылдың қаңтары мен тамыз аралығындағы кезеңі қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізеді.

52. Комиссия мүшелері осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес педагогтердің материалдарын (портфолиосын) бағалау парақтарын толтырады. Орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы педагогінің сабағын (сабағын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бағалау парағы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес бақылау парағы бойынша толтырылады.

53. Педагогтің материалдарын (портфолиосын) қарау кезінде аудио немесе бейнежазба жүргізіледі, ол аттестаттаушы органда кемінде бір жыл сақталады.

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

54. Бейіні бойынша **30 (отыз) және одан да көп жыл**

педагогикалық **өтілі** бар барлық лауазымдардағы педагогтердің қызметінің нәтижелерін кешенді қорытындылау кезінде біліктілік санатын **раस्ताуда** ПББ-дан өту талап етілмейді.

55. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау материалдары мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ **ПББ** өтудің **шекті деңгейіне жетпеген** жағдайда педагогке: біліктілік санатын **растаған** жағдайда **бір деңгейге төмен**; біліктілік санатын **беру** жағдайында **ПББ** нәтижелерінен **жоғары емес** біліктілік **санаты** беріледі.

56. Біліктілік санатын **беру (растай)** біліктілік сипаттамаларына және кәсіптік стандартқа сәйкес біліктілік санатынан **өту мерзімдері** мен **бірізділік** принциптерін сақтай отырып жүзеге асырылады

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

57. «Екінші санат», «бірінші санат», «жоғары санат» біліктілік санаттары бар педагогтер өтініш негізінде осы Қағидаға сәйкес **тиісінше** немесе жалпы негіздерде **«педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші»** біліктілік санатын беру үшін біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

Мәлімделген біліктілік санаттарына өтпеген педагогтерге санат **ПББ** нәтижелері **негізінде** беріледі. «Педагог-модератор» біліктілік санатын беру үшін ПББ ұпайлары жеткіліксіз болған жағдайда, педагогке «педагог» санаты беріледі.

58. Педагогтер біліктілік санатын беруге (растауға) кезекті аттестаттау кезінде өтініші негізінде біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

59. Біліктілік санаттарын сақтай отырып, аттестаттау педагогтердің өтініші негізінде, **екі жылдан аспайтын мерзімге келесі жағдайларда** жүзеге асырылады:

- 1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әлеуметтік мәні бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне енгізілген аурулар бар болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде;
- 2) жүктілігі және босануы, бала күтімі жөніндегі демалыстан шыққаннан кейін, оның ішінде жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін ол үш жасқа толғанға дейін;
- 3) білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден (орталықтардан), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарынан, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға;
- 4) педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген тұлғаларға беріледі;
- 5) егер педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір жыл қалса, ал педагог Қазақстан Республикасының ішінде басқа білім беру ұйымына ауысса.

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

60. Жасы **зейнеткерлікке төрт жылдан аз** қалған педагогтер **аттестаттау рәсімінен босатылады**. Тағайындалған біліктілік санаты оның берген **өтініші негізінде** зейнеткерлік **жасқа толғанға дейін** сақталады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер осы Қағиданың 54-тармағына сәйкес аттестаттау рәсімінен өтеді.

61. Педагогтерге **біліктілік санатын** беру білімі туралы **диплом**да немесе педагогикалық **қайта даярлау туралы құжат**та көрсетілген мамандыққа (біліктілікке) сәйкес немесе (бірінші басшылар, басшылардың орынбасарлары, бөлім басшылары (меңгерушілер), білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, арнайы педагогтер, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтері үшін) атқаратын **лауазымы** бойынша тиісті біліктілік беріле отырып жүзеге асырылады.

62. Білімі туралы **дипломда бір мамандық ретінде** көрсетілген пәндерді оқыту кезінде біліктілік санатын беру **негізгі лауазым** бойынша жүргізіледі.

Негізгі лауазым бойынша берілген біліктілік санаты білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген оқытылатын пәндерге де қолданылады.

63. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттары) педагогтеріне кезекті біліктілік санатын беру (растауды) **оқытатын бейні** немесе **атқаратын лауазымына** сәйкес өтеді.

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

65. Педагог жоғары оқу орындарында немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды **кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пәндерді оқытқан жағдайда** оның **бұрын алған санаты сақталады**. Кезекті біліктілік санатын беру біліктілікті арттыру туралы құжаты болған жағдайда жалпы негізде жүзеге асырылады.

66. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына немесе әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымға **ауысқан кезде** немесе педагогикалық қызметті **қоса атқару** немесе **қосымша атқару шарттарында жүзеге асырған кезде** немесе педагогтің қызмет бейініне сәйкес білім беру ұйымында педагогті **басқа лауазымға тағайындаған кезде** қолданылу **мерзімі аяқталғанға дейін** қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

4-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі

67. Қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде кезекті аттестаттаудан кейін **кемінде 2 (екі) жыл** өткен соң біліктілік санатын **мерзімінен бұрын беруге** жол беріледі.

«педагог-сарапшы» - педагог кемінде **төрт талапқа** сәйкес болуы тиіс:

- білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлердегі кәсіптік шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;-
- білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған педагогтер;
- аудандық/қалалық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған;
- облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);
- облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) педагогтер үшін іс-шаралар өткізуге қатысады;
- C1 (CEFR) деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;
- бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;
- бейіні бойынша жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері.

4-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі

«педагог-зерттеуші» - педагог кемінде **бес талапқа** сәйкес болуы тиіс:

- білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған адамдар;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;
- Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;
- білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);
- облыстық деңгейдегі «Үздік педагог» атағына ие болған;
- ғылым кандидаты/докторы немесе PhD ғылыми докторы дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар.

4-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі

«педагог-шебер» - педагог кемінде алты талапқа сәйкес болуы тиіс:

- білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпазы немесе жүлдегері болып табылады;
- Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;
- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;
- білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте республикалық деңгейде тәжірибені таратады;
- ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар;
- Қазақстан Республикасының «Үздік педагогі» атағына ие болған адамдар.

Комиссия **«мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді»** деген шешім қабылдаған кезде мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде қолданыстағы біліктілік санаты **қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.**

5-параграф. Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшы орынбасарларын аттестаттаудан өткізу тәртібі

68. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) **бірінші басшысының** біліктілік санаты **үш жылға**, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинет (орталық) **басшысы орынбасарларының** біліктілік санаты **бес жылға** жарамды.

Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық) **бірінші басшысы**, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) **басшысының орынбасары** біліктілік санатының **қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын** осы Қағидаларға **18-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша **өтініш** береді.

70. **Бастапқы аттестаттау рәсіміне қатысатын** білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) **бірінші басшысы**, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) **басшысының орынбасары** ПББ нәтижелеріне және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауға сәйкес **кезектілікті сақтамай** біліктілік санатын беруге өтініш беруге құқылы. **Кейінгі аттестаттау бірізділік принципіне** сәйкес жүргізіледі.

72. Комиссия мүшелері осы Қағидаларға **16-қосымшаға сәйкес** нұсқаулық бойынша білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) **бірінші басшыларының, басшы орынбасарларының** материалдарын (портфолио) **бағалау парақтарын толтырады**, осы Қағидаларға **19-қосымшаға** сәйкес аттестатталушының қызметінің нәтижелерін таныстырумен **әңгімелесу** өткізеді.

Портфолионы қарау кезінде **аудио** немесе **бейнежазба** жүргізіледі, ол аттестаттаушы органда кемінде **бір жыл** сақталады.

5-параграф. Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшы орынбасарларын аттестаттаудан өткізу тәртібі

73. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) **бірінші басшыларын, басшылардың орынбасарларын** кезекті аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай **шешімдердің** бірін қабылдайды:

- мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді;
- мәлімделген біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;
- біліктілік санатына сәйкес келмейді (қайта аттестаттауға жатады).

Комиссияның **шешімі** осы Қағидаларға **20-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша **хаттамамен** рәсімделеді.

74. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) **бірінші басшысы, басшының орынбасары** осы Қағидаларға **18-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша келесі біліктілік санатын беруге тиісті деңгейдегі комиссияға қызмет нәтижелерінің мәлімделген біліктілік санатына сәйкес **екі жыл ішінде үздіксіз қол жеткізу негізінде мерзімінен бұрын өтініш** беруге құқылы.

«Мәлімделетін біліктілік санатына сәйкес келмейді» шешімін қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға **21-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша комиссия отырысының **хаттамасынан** үзінді көшірмені педагогке жолдайды. **Бұл ретте** қолданыстағы біліктілік **санаты сақталады**

5-параграф. Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшы орынбасарларын аттестаттаудан өткізу тәртібі

75. «Басшы-ұйымдастырушы» біліктілік санаты «үшінші санаттағы басшы» біліктілік санатына; «басшы-менеджер» біліктілік санаты «екінші санаттағы басшы» біліктілік санатына; «басшы-көшбасшы» біліктілік санаты «бірінші санаттағы басшы» біліктілік санатына теңестіріледі.

76. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшының орынбасары бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысқан кезде қолданыстағы біліктілік санаты басшы, басшының орынбасары лауазымындағы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.



Астана қаласы Білім басқармасы
Әдістемелік орталық



Presentation 2024

ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 ж. №72 бұйрығы

